

А. К. Ойратова, 1-курс

**Ғылыми жетекшісі: У. Ш.Шапақ, ұлттық құқық жоғары мектебінің проректор-директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақ гуманитарлық-заң университеті)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің жиырма жылдығы қарсаңында елімізде көптеген өзгерістер болып жатыр. Бірақ өкінішке орай еліміздің қаймағымыз — өнер адамдарының құқықтары қайта қаралған жоқ. Өнер адамдары қазақ халқының дәстүрлерін сақтап дамытуда үлкен үлес қосуда, біздің қоғам әдебиет, мәдениет, руханият, тарих мәселесін жиі қозғайды. Олар жастарымызды тәрбиелеуге үлкен рөл атқаруда, себебі біздің әншілері әндермен, суретшілер суреттерімен, ақындар мен жазушылар өлеңдері мен шығармаларымен қазақ халқының ғана емес Қазақстан Республикасының барлық халықтарының рухани жағынан тәрбиелеуде. Бұл адамдар халықта патриоттық сезімді оятатындар, мемлекетте идеологияны қалыптастыратын тұлғалар. Бәрімізге белгілі осы өнер адамдары көбінесе мәдени саласында жұмыс атқарады.

Шығармашыл қызметкерлер қоғамда үлкен рөл атқарады. Біріншіден, ұлт өнерінің абыройына, мемлекеттің өркендеуіне қызмет етеді. Екіншіден, Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін қайта түлетуге, сақтауға, дамытуға және таратуға өз үлестерін қосады. Үшіншіден, жастардың өнерге деген ойларын қалыптастырады, қазақ халқының өркениетінің дамыған дәрежесін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының Мәдениет туралы заңы бойынша Шығармашыл қызметкерлер және мәдениет қызметкерлері әлеуметтік қорғауда. Дегенмен шығармашыл қызметкерлерге тиесілі нақты жалақы және зейнетақы мөлшері жоқ. Орталықтан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар азаматтардың ішінде шығармашыл қызметкерлер тіркелмеген. Оларға тек мемлекеттік субсидиялар мен стипендиялар тиесілі. Заң жүзінде барлығы қарастырылған сияқты, Мәдениетті дамыту қорлары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мемлекеттік емес қаражаттарды тартуы мүмкін Қазақстан Республика-

сының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асыруға болады. Бірақ іс жүзінде шығармашыл қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуы өте төмен.

Медициналық сақтандыруға келетін болсақ Қазақстан халқы шетел азаматтарының дәрежесіндей өзінің белгілі бір мүшелерін сақтандыра алмайды, Сондықтан олар мүгедек болып қалса өте қиын жағдайға түседі. Өнер адамдарын өте нәзік және де ауыр жұмысқа қабілеті аз екенін ескеруіміз керек.

Ресей Федерациясының заңына көз салсақ, оның Қазақстанның заңдарымен біршама айырмашылықтарын көре аламыз. Мәдениетті сақтау және дамыту кепілдігі негізгі мемлекеттік қаржыландыру болып табылады. Бұл бағыттарға 2 пайыздан кем емес қаржы жыл сайын республика қорынан бөлінеді. Бұндай қаржыландыру мәселесі ҚР-ң заңдарында көтерілмейді. Ал Ресей Федерациясының Мәдениет туралы заңына сәйкес өнер және мәдениет саласында арнайы білімі бар мамандар тең жағдайда мамандығы бойынша (артықшылық) алады. Қазақстан Республикасы осы заңға 2010 жылы өзгеріс енгізсе де, жоғарыда көтерілген мәселелерді шешуге талпыныс көрсетпеді. Демек болашақта заңдағы ақтандақтар жойылмайды, ал шығармашыл қызметкерлер азаяды, өнерге деген талпыныс аз сезілетін болады, әрине бұл ынтаның болмағандығынан.

Еліміз Тәуелсіздік алған соң, Кеңес Одағы кезінен өнер адамдарына беріліп келген бір қатар ресми атақ-дәрежелер алынып тасталды. Олардың орнын басқа атауы бар атақтар алмастырды. Тыңнан қосылған мемлекеттік бағалаудың қатарында «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген атақ бар. Алайда мұндай атақ тек өнер адамдарына ғана емес, республикаға сіңірген зор еңбегі үшін көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ғылым, өндіріс және әлеуметтік саланың барлық өкілдеріне беріледі.

Шығармашыл қызметкерлердің құқықтық мәртебесінің негізгі проблемаларына жалақы мен зейнетақының жоқтығы және шығармашыл қызметкерлерге тиесілі атақтардың дәрежесінің төмендігі болып табылады. Шығармашыл қызметкерлердің жағдайы тұрақсыз болғандықтан олар туралы статистикалық мәліметтер жоқ.

Өнер ұжымдарында қызмет ететін адамдарының әлеуметтік жағдайларын жақсартуға мүмкіндіктер ашып, олардың табыстарын арттыру қажет. Өйткені, жалпы шығармашылық сала адамдары өзге сала адамдарына қарағанда табыс табуға, қажет тұста өздерін қорғауға немесе басқа да әлеуметтік мәселелерді шешуге келгенде әлсіздеу келетіні жасырын емес. Оған қоса шығармашыл қызметкерлердің жұмысы күрделі және көп еңбекті қажет етеді, бірақ нәтиже нақты көрінбейді. Ал екінші жағынан қарасақ олар мемлекеттік жұмыскерлермен теңеледі, бірақ өкінішке орай сондай дәрежеде әлеуметтік қорғалмайды, құқықтарынан гөрі шығармашыл қызметкерлердің міндеттері көп болады.